


ЭКОНОМИКА, ТҰРҒЫН ҮЙ, БІЛІМ БЕРУ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҚМОЛА
ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Бұл кездесуде өңір басшысы Марат Ахметжанов Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы кеңінен баяндап берді. Ұсынылған есепке сүйенсек, аймақта тек тұрақты өсім сақталып қана қоймай, еліміздің негізгі тірек аймақтарының бірі ретіндегі мәртебесін нығайтып келеді.



Облыс әкімінің айтуынша, өңір экономикасының басты қозғаушы күші ретінде ауыл шаруашылығы саласы өз маңызын сақтап

отыр. Бұл сала дәстүрлі түрде өңір халқының әл-ауқатына тікелей ықпал етіп келеді және бүгінде жоғары нәтижелер көрсетуде.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ



«Цифрлық трансформация жағдайында алдымызда жаңа міндеттер тұр: ол тек білім беру ғана емес, балаларды жылдам

өзгеріп жатқан өмірге бейімдеу маңызды. Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар мұғалімнің көмекшісіне айналып, шығар-

Қосшы қаласында «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты 300-ден астам педагог қатысқан облыстық тамыз педагогикалық конференциясы өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Ермек Көшербаев және Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов қатысты.

машылық пен дамуға көбірек мүмкіндік ашуы тиіс. Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби өсуі мен лайықты еңбегі үшін барлық жағдайды жасау қажет. Біз халқымыздың және Президентіміздің үмітін ақтауымыз керек. Қазіргі уақытта бәрі мұғалімдерге байланысты – дәл сіздер балаларға өмірде өз орындарын табуға жол көрсетесіздер.

ҚАЛА ӨМІРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кездесу барысында тұрғындар күнделікті өмір сапасына тікелей әсер ететін мәселелерді ортаға салды. Жол құрылысы мен жөн-

деу жұмыстары – қала халқы үшін ең өзекті тақырыптардың бірі. Қала аумақтарындағы көлік қозғалысының қарқыны артып, жаңа

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев кезекті жеке қабылдау өткізіп, тұрғындармен ашық пікір алмасты. Жиынға мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері мен тиісті бөлімдердің басшылары қатысты. Осындай кездесулер халықтың көкейіндегі мәселені тікелей жауапты тұлғаларға жеткізіп, сол жерде шешімін табуға жол ашатын тиімді алаңға айналды.

шағын аудандардың ашылуына байланысты жолға түсетін салмақта көбейген. Сол себепті тұрғындар жолдарды уақтылы жөндеу мен сапалы салу жөнінде ұсыныстарын айтты. Электр энергиясы мен көше шамдары мәселесі де қозғалды.

ЕЛДІҢ АГРАРЛЫҚ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласының дамуы – ел экономикасының тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатын арттырудың негізі. Осыған орай ұйымдастырылып отырған ауыл шаруашылығы санағы еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайын жан-жақты бағалауға және даму стратегияларын нақтылауға мүмкіндік береді.

Тамыз айының басынан бастап Ұлттық статистика бюросының 1446 байланыс орталығы халыққа ауыл шаруашылығы санағына қатысты кеңестер ұсынып, сұрақтарына жауап беруде. Мұнда 1 тамыздан бері 10,5 мыңнан астам өтініш қабылдады, оның 8,4 мыңы ауыл шаруашылығы санағына қатысты. Бұл осы шараға деген қоғамдық қызығушылықтың жоғары екенін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы санағы бүгінгі таңда онлайн форматта өткізіліп жатыр. Сол арқылы азаматтардың өз үйлерінен шықпай-ақ, ыңғайлы әрі жылдам түрде санақтан өтулеріне мүмкіндік туды.

ТАРИХИ АТАУЛАР САҚТАЛУЫ ТИІС

Этнологиялық кеңістікте қалыптасқан халықтық атаулар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, оның ұлттық дүниетанымының, рухани болмысының, құндылықтар жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі, тарихи жәдігері, мәдени мұрасы болып табылады. Жер-су атаулары – адамзат пен оны қоршаған топографиялық ортаны тікелей байланыстырып отыратын, сол арқылы этностың тілдік, аумақтық, этникалық сәйкестігін айқындайтын маңызды тілдік мәдени фактор. Осы ретте Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобы қандай да ұлттық тіліндегі жер-су атауларына байыппен, аса құрметпен қарауға үндейді.

Өзіндік табиғатымен әрі тұрақтылығымен арғы ата-бабаларымыздың бізге беймәлім мақамымен өрнектелген ежелгі атаулардың қазіргі тілдік айналымда болып, қоғам қажетін өтеуінің өзін ерекше құбылыс санауға болады.

АҚОРДА

КЕШЕНДІ ЖОБАЛАР:
ЭКОНОМИКА,
ТҰРҒЫН ҮЙ, БІЛІМ БЕРУ
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

(Басы 1-бетте)

Биыл ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін 1,2 триллион теңгеге жеткізу жоспарланған. Ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру мақсатында жоғары табысты дақылдардың алқаптары кеңейтілді. Әсіресе майлы дақылдар егістігі 2,5 есе өсті. Мұндай шаралар Ақмола облысына Қазақстанның аграрлық секторындағы көшбасшылық орнын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Экономикалық өсіммен қатар әлеуметтік мәселелерді шешуге де баса назар аударылып отыр. Соңғы екі жылда 4,7 мың ақмолалық жаңа баспанаға ие болды – бұл көрсеткіш алдыңғы жеті жылдың нәтижесіне тең. Бұл қадам халықты тұрғын үймен қамту ісінде елеулі ілгерілеу болды және әлеуметтік осал топтардың кезегін шамамен үштен біріне қысқартуға мүмкіндік берді.

Білім беру саласында да ауқымды өзгерістер жүзеге асуда. Өңірде 21 мың оқушыға арналған 33 жаңа білім беру нысаны салынды. Бұл қадамдар үш ауысымды оқытуды жоюға және апатты мектептер мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Жаңа оқу жылынан бастап облыс оқушылары заманауи әрі жайлы жағдайда білім алатын болады. Бұл – өңір мен ел болашағына жасалып отырған маңызды инвестиция.

Өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобалар да назардан тыс қалған жоқ. Жылыту маусымына дайындық жоспарға сай жүргізілуде және соның аясында бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асуда.

Өз тілшімізден

АШЫҚ ӘКІМДІК

ҚАЛА ӨМІРІНІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



(Басы 1-бетте)

Қосшының кейбір аумақтарында жарықтандыру жүйесі жеткілікті деңгейде емес екенін айтқан тұрғындар, әсіресе, кешкі уақытта балалар мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдірді. «Көшелеріміз жарық әрі қауіпсіз болса, тұрғындар да өзін жайлы сезінеді» деген ортақ пікір айтылды.

Аулаларды абаттандыру – қала тұрғындарының көңіл-күйіне тікелей әсер ететін тағы бір жайт. Қабылдауда сөз сөйлеген азаматтар балалар алаңқайларын көбейту, орындықтар орнату, жасыл желек отырғызу жөнінде сөз қозғады. «Қала күннен-күнге өсіп келеді, енді бізге жайлы әрі әдемі орта қажет», – дейді азаматтар.

Ауызсу мен газдандыру ісі де тұрғындардың назарынан тыс қалған жоқ. Ал газдандыруға қатысты өтініштер тұрмыстық қолайлылық пен қауіпсіздік тұрғысынан өзекті екендігі айтылды. Аталған бағыттарда жұмыстар кезең-кезеңімен шешіліп жатқанына қарамастан, тұрғындар оларды жеделдету қажеттігін атап өтті.

Жан НҰРАХМЕТ

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ
СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ

(Басы 1-бетте)

Біздің ортақ міндетіміз – бәсекеге қабілетті, болашақтың сын-қатерлеріне дайын ұрпақ тәрбиелеу», – деп атап өтті вице-премьер.

Электр энергиясы мен көше шамдары мәселесі де қозғалды.

Өңір әкімі сапалы білім беру мен саналы тәрбиелеуге барлық жағдай жасалып жатқанын айтты.

«Тамыз конференциясының пленарлық отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев: «Педагог – бұл тек мамандық емес, бұл – ұлы міндет» деп атап өтті. Бұл сөздер бізге үлкен ой салады. Шын мәнінде, ұстаздың еңбегі – ұлт болашағының іргетасы. Бүгінде өңірде 23 мыңнан астам педагог балаларға білім беруде, жыл сайын мектептерге 450 жас маман келеді. Біздің өңір елімізде алғаш болып «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 9 мектептің құрылысын аяқтады. Бұл 12 мыңнан астам жаңа оқу орнын ашуға мүмкіндік беріп, облыс орталығы мен елорда маңындағы аймақтағы орын тапшылығын едәуір азайтты. Қазіргі таңда 7 мектептің құрылысы жалғасуда, олардың ішінде

5 мектеп биыл-ақ 1,5 мыңнан астам оқушыны қабылдамақ», – деді Марат Ахметжанов.

Форумның басты мақсаты – цифрлық дәуірдің жаңа сын-қатерлері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісінің сапасын арттырудың тиімді жолдарын айқындау. Пленарлық отырыс аясында Шығыс Қытай педагогикалық университетінің цифрлық білім беру саласындағы жетекші сарапшысы Сяндун Чэнь өз ой-пікірлерімен бөлісіп, жасанды интеллект көмегімен мектеп пәндерін оқыту тәжірибесі туралы айтты.

Озық тәжірибелерімен түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдарының жетекші мамандары бөлісті. Мәселен, Көкшетау қаласындағы №11 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айнұр Амангелдинова әдебиетті оқытуға қызығушылықты арттыру мақсатында жасанды интеллект пен виртуалды шындық мүмкіндіктерін қалай қолданытынын баяндады.

Сонымен қатар, конференция аясында білім беру үдерісінде қолданылатын инновациялық технологиялардың көрмесі өтті.

Іс-шара өңірдің білім беру жүйесі өкілдерін марапаттау рәсімімен аяқталды.

РЕФОРМА

ЖАҢА САЛЫҚ НОРМАЛАРЫ
ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қосшы қаласында кәсіпкерлерге арналған маңызды семинар өтті. Жергілікті мәдениет орталығының алаңында ұйымдастырылған жиында жаңа салық кодексіндегі негізгі ережелер мен жаңалықтар кеңінен талқыланды. Іс-шараға Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалдарының директорлары да қатысып, бизнес өкілдерімен бірге ой-пікір алмасты.



Семинар – еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылып жатқан ауқымды түсіндіру шараларының бір бөлігі. Оны Мемлекеттік кірістер комитеті мен «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бірлесіп өткізуде. Ақмола облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің мамандары, сондай-ақ өңірдің кәсіпкерлері қатысып, жаңа салық реформасының мазмұны мен артықшылықтарына тоқталды.

Жиынның басты мақсаты – кәсіпкерлерді мемлекет жүргізіп отырған салық саясатының жаңа бағыттарымен таныстыру болды. Ақмола облысы Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Бауыржан Шайкенов өз сөзінде салық реформасының негізгі ерекшеліктеріне тоқталды. Ол сараланған салық мөлшерлемелерінің енгізілуін, жеке табыс салығына арналған прогрессивті шкаланы, қосылған құн салығын реформалау қадамдарын түсіндірді. Сонымен қатар арнайы салық режимдерінің жаңартылған тәртібі мен жеңілдіктер алу мүмкіндіктері баяндалды. Әкімшілендіру жүйесін толықтай цифрландыру және сервистік модельге көшу, сондай-ақ салық есептілігін отыз пайызға қысқарту да реформаның маңызды бағыттарының бірі ретінде айтылды.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдері де жаңа мазмұнға ие болуда. Камералдық бақылау жазалаудан гөрі алдын алу сипатында жүргізілмек. Салық берешегін өндіріп алу

рәсімдері жеңілдетіліп, төлемдерді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу тәртібі икемдірек бола түседі. Егер берешек мөлшері шағын көлемде болса, кәсіпкердің шотына бұғат қою шарасы қолданылмайды. Сондай-ақ хабарламалар мен шаралар борыш көлеміне қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

Жиын барысында кәсіпорындардың есепшілері белсенділік танытып, жаңа нормаларды қолдану тәжірибесіне қатысты өзекті сұрақтар қойды. Кәсіпкерлер нақты жауаптар алып қана қоймай, өз ұсыныстарын да жеткізді. Сол себепті кездесу мазмұнды әрі пайдалы өтті.

Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері мұндай түсіндіру кездесулері жыл соңына дейін Ақмола облысының барлық аудандар мен қалаларда өткізілетінін атап өтті. Бұл шаралар кәсіпкерлерге заңнаманы тереңірек түсінуге, ал бизнес қауымдастығына жаңа ережелерге бейімделуге мүмкіндік бермек.

Қуаныш Нұртазин,
Қосшы қаласының Кәсіпкерлер палатасының филиалының директоры



Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист

+7 778 878 89 89

t.me/janarakhmet

zhanarakhmetova90@gmail.com

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

ЕЛДІҢ АГРАРЛЫҚ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

(Басы 1-бетте)

Барлық ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке үй шаруашылықтары sanaq.gov.kz ресми сайтында тіркеліп, санаққа қатыса алады. Бұл процесс тамыз айының соңына дейін жалғасады. Санаққа қатысуға қатысты кез келген сұрақ бойынша тәулік бойы жұмыс істейтін 1446 байланыс орталығы жедел көмек көрсетеді. Сонымен қатар «Sanaq пугза» чат-боты және сайттағы онлайн-консультант сияқты цифрлық байланыс құралдары да қолжетімді.

Санақтың екінші кезеңі 2025 жылдың 20 қыркүйегінен 20 қазанға дейін жалғасады. Бұл кезеңде онлайн

форматта санақтан өтпеген ауыл шаруашылықтары мен жеке үйлерді сұхбат алушылар аралайды. Осылайша, ел бойынша толық және сенімді деректер жинақталмақ.

Ауыл шаруашылығы санағы – еліміздің аграрлық секторын дамытудың сапалы статистикалық негізін қалыптастыратын бірегей шара. Оның нәтижелері арқылы мемлекеттік органдар агросекторды дамыту бағытындағы нақты шешімдер қабылдайды, инвестициялық жобаларды тиімді жоспарлайды, ауылдық жерлерде инфрақұрылым мен әлеуметтік қолдауды жақсартуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар санақ ауыл шаруашылығындағы өнім

өндіру көлемін, мал басын, жер пайдалануды және еңбек ресурстарын егжей-тегжейлі зерттеп, ауыл шаруашылығының қазіргі мүмкіндіктерін толық ашып көрсетеді.

Елдің аграрлық секторының дамуы – ұлттық экономиканың маңызды буыны. Сондықтан да ауыл шаруашылығы санағына қатысу – әрбір азаматтың ортақ борышы әрі жауапкершілігі. Қоғамдық сана мен мемлекет қамқорлығын арттырудағы осындай шаралардың маңызы зор. Санақтың нәтижелері Қазақстан ауыл шаруашылығының одан әрі өркендеуіне берік негіз болатынына сенім мол.

Аяжан ЕРБОЛ

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАН ЖЫЛУЫ – ЕМНІҢ ШЫНАЙЫ КҮШІ

Мейірбике еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ адам өмірі үшін аса маңызды қызмет. Жан жылуы мен кәсіби біліктілікті қатар талап ететін бұл мамандық иелері күн сайын адамдарға үміт сыйлайды. Қосшы қаласындағы №1 қалалық емхананың хирургиялық профильді мейірбикесі Рыскүл Спабекова да сондай жандардың бірі. Біз онымен мамандыққа бастар жол, қызмет барысындағы жауапкершілік және есте қалған оқиғалар жайында сұхбаттастық.

– Мейірбике мамандығын таңдауыңызға не себеп болды?

– Адам өміріне араша түсіп, саулығын сақтауға үлес қосу бала кезден қалыптасқан арманым еді. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ медицина саласына деген қызығушылығым оянды. Адамдарға көмек көрсетіп, олардың өмірін жеңілдетуге атсалысу мен үшін ең асыл мақсаттардың бірі болды.

Осы ниетпен 1990 жылы Қарағанды облысындағы №19 орта мектепті тәмамдаған соң Қарағанды медициналық училищесіне түсіп, фельдшер мамандығын игердім. 1993 жылы алғашқы еңбек жолымды Қарағанды қалалық жедел жәрдем станциясында бастадым. Шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық көмекті уақытылы көрсету – кәсіби біліктілікті ғана емес, үлкен төзімділікті де талап ететінін сонда түсіндім. Әр шақырту – жаңа сынақ, әр науқас – жеке жауапкершілік екенін сезіндім.

Кейінгі жылдары микробиологиялық зертханада жұмыс істеп, медицина ғылымының басқа қырын да меңгердім. 2010 жылдан бастап елордада қызмет етіп, түрлі бағыттағы медициналық тәжірибемді жетілдірдім. 2023 жылдан бері Қосшы қаласындағы №1 қалалық емханада хирургиялық профильді мейірбике болып еңбек етіп келемін. Қазіргі таңда жоғары біліктілік санатым бар, академиялық бакалавриат дәрежесін иеленгенмін, ал қазір магистратурада білімімді тереңдетудемін.

– Рыскүл Ахметжанқызы, түрлі бағыттағы медициналық тәжірибе жинақтап, жедел жәрдемнен бастап зертхана мен емханаға дейін қызмет етіпсіз. Осындай мол тәжірибеңізге сүйене отырып, мейірбикенің күнделікті атқаратын міндеттері мен заңмен бекітілген құқықтары туралы не айта аласыз?

– Мейірбикенің күнделікті атқаратын міндеттері тек дәрігердің нұсқаулығын орындаумен шектелмейді. Біз науқастардың жағдайын үнемі бақылап, уақытылы көмек көрсетеміз, дәрі-дәрмектерді дұрыс әрі қауіпсіз енгіземіз, тану, ине салу, өмірлік көрсеткіштерін өлшеу сияқты жұмыстарды атқарамыз. Сонымен бірге науқастың көңіл-күйіне де мән беріп, оған қолдау көрсету – қызметіміздің маңызды бөлігі. Әрбір ісімізде ұқыптылық пен жауапкершілік қажет, себебі біз көбіне пациентпен тікелей байланыста болып, алғашқы медициналық көмектің сапасына ықпал етеміз. Сондай-ақ науқас пен оның туыстарына медициналық ақпаратты түсінікті тілде жеткізу, күтім жасау бойынша кеңес беру де – күнделікті міндеттеріміздің бірі.

Заңмен бекітілген құқықтарымыз біздің қызметімізді қауіпсіз және әділ атқаруға мүмкіндік береді. Мысалы, еңбек қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сай жағдайларда жұмыс істеу, біліктілігімізді арттыру курстарына қатысу, әділ еңбекақы алу, кәсіби пікірімізді еркін білдіру және қызметтік міндеттерімізді атқару кезінде құқықтық қорғауға ие болу – бәрі біздің құқығымыз. Сондай-ақ, пациенттің денсаулығына зиян келтіретін жағдайларды болдырмауға және оларды жоюға араласуға құқымыз бар. Егер өз құқығымыз бұзылса, тиісті мемлекеттік органдарға шағымдана аламыз. Құқықтар мен міндеттердің осы үйлесуі медициналық көмектің сапасын көтеріп, пациенттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

– Осындай үлкен жауапкершілік пен әр күн сайын түрлі жағдайларға тап болатын жұмысыңызда есте қалған, кәсіби жолыңыздың мәнін ашатын ерекше сәттеріңіз болды ма?



Фото: автор/А.Е.

– Еңбек жолында талай оқиғаларға куә болдым. Әсіресе жедел жәрдем қызметінде жұмыс істеген жылдарымда әрбір минуттың адам өміріне әсер ететінін түсіндім. Кейбір жағдайларда бірнеше секундқа кешіксең, науқастың тағдыры басқа арнаға бұрылып кетуі мүмкін. Осындай сәттер кәсіби шеберлікті шыңдап қана қоймай, жан дүниеге із қалдырады.

Мейірбике болу тек медициналық біліммен шектелмейді, ол – жүрек жылуын, сабырлылық пен қайратты қажет ететін жол. Ауыр дертке шалдыққан науқасқа жылы сөз айту немесе оның жанында үнсіз отырып демеу болу кейде дәріден де тиімді әсер етеді.

Кейде науқастар айығып кеткен соң қайта келіп алғысын білдіреді. Сол сәтте өз еңбегіңнің нәтижесін көріп, бар шаршауың ұмыт болады. Міне, медицина саласында адал қызмет етудің ең үлкен марапаты – адамдардың шынайы алғысы.

– Рыскүл Ахметжанқызы, шынайы әңгімеңіз бен бөліскен өмірлік тәжірибеңіз үшін көп рақмет! Еңбегіңіз жемісті болып, әр күніңіз адамдардың шынайы алғысына толы болсын.

Жанар АХМЕТОВА

БЮРОНЫҢ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ АЯСЫНДА 8 МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІШ ӨҢДЕДІ

КОНТАКТ-ЦЕНТР БЮРО ОБРАБОТАЛ СВЫШЕ 8 ТЫСЯЧИ ОБРАЩЕНИЙ В РАМКАХ СЕЛЬХОЗПЕРЕПИСИ

1446

stat.gov.kz



САЛТАНАТ

ЖАСТАР – ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ

Халықаралық жастар күніне орай Ақмола облысында мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиында облыс әкімі Марат Ахметжановтың атынан аймақтың қоғамдық және әлеуметтік өміріне елеулі үлес қосқан белсенді жастарына алғыс хаттар табысталды. Марапат иегерлерінің қатарында Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығының еріктісі Шахназ Смайлова да болды. Ол – қоғамдық бастамаларға етене араласып, түрлі әлеуметтік және мәдени жобаларды жүзеге асыруға көптеп үлес қосып жүрген жан. Бұл марапат Шахназдың табанды еңбегінің, жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымының айқын дәлелі.

Шара барысында облыс әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев жастарды мерекемен құттықтап,

олардың қоғам өміріндегі рөлі мен үлесін ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде жастар саясатын дамытуға белсенді атсалысып жүрген азаматтарға облыс басшылығы тарапынан әрдайым қолдау көрсетілетінін жеткізді. Бұл – мемлекеттің жастарға деген қамқорлығының айқын көрінісі.

Қазақстан жастары – жаңашыл идеяларға, заманауи технологияларға ашық, білімге құштар ұрпақ. Олардың күш-жігері мен табандылығы арқасында еліміз өзінің даму жолында жаңа белестерге жететіні сөзсіз. Мемлекет пен қоғамның міндеті – жастардың әлеуетін ашып, оларға сенім арту және барлық бастамаларына қолдау көрсету.

Гүлназ БИСЕН

ОБРАЗОВАНИЕ

Анар Мухаметжановна Аюпова свою жизнь и сердце посвятила школе. Сорок лет ее имя неразрывно связано с педагогикой, воспитанием и образованием детей.

СЕРДЦЕ, ОТДАННОЕ ШКОЛЕ

После окончания школы №2 в селе Аксуат Семипалатинской области Анар Мухаметжановна поступила в Джамбульское училище имени Абая, а затем продолжила образование в Институте имени Шакарима Кудайбердіұлы в Семей. Свою педагогическую деятельность она начала в 1985 году в детском саду «Айгөлек», а вскоре перешла в родную школу №2 (ныне школа имени Кожакельді батыра), где долгие годы работала учителем начальных классов. Она является учителем высшей категории, педагогом-исследователем, ее труд отмечен многочисленными грамотами и благодарственными письмами школьного, районного, городского и областного уровня. В 2021 году Анар Мухаметжановна получила Благодарственное письмо Министра просвещения Республики Казахстан Г.Бейсембаева.

Анар Аюпова активно делится опытом, выступала на районных и областных семинарах, публиковалась в журнале «Начальная школа Казахстана», ее материалы вошли в сборник «Иновационные технологии в школе». Ее уроки всегда отличались высоким профессионализмом, интересной подачей материала и заботой о каждом ребенке. Она стремится не только дать прочные знания, но и привить любовь к учебе, воспитать уверенность в себе и стремление к новым вершинам. Не случайно ученики Анар Мухаметжановны неоднократно



Фото: автор/А.Е.

становились призерами олимпиад различного уровня – от районных до республиканских.

Коллеги и родители учеников ценят ее за доброжелательность, открытость и готовность помочь. Для детей она – не просто учитель, а наставник и проводник в удивительный мир знаний, для коллег – товарищ и мудрый советчик.

Кроме педагогической деятельности активно участвует в общественной жизни нашего города – является заместителем председателя участковой избирательной комиссии, где проявляет ответственность, организаторские способности и умение работать с людьми.

Нурмаганбетова Ж.К., председатель КГУ ОШ №1 имени Р.Кошкарбаева

ДЕРТ КӨП, ДЕНСАУЛЫҚ БІРЕУ

